

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 1 А хаттамасы

Түркістан қаласы
28.11.2025 ж.

Қатысқандар: PhD., аға оқытушы А. Тасова, аға оқытушы А.Арыстанбаева, п.ғ.к., аға оқытушы, п.ғ.к., аға оқытушы П.Искакова, аға оқытушы С.Паштанов, аға оқытушы Г.Ашықбаева, PhD., доцент А. Куралбаева, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Б. Ондыбаев, "Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжінің директоры А. Кенжалиев, докторант Г.Шынпейіс, магистрант Бану Ақтолқын Барзуқызы, білімгер Д.Молдаханова, кафедра ОПК.

Қатысқандар-

Күн тіртібінде:

1. «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау негіздері» («Основы сопровождения детей с расстройствами аутистического спектра»), «Аутизм спектрінің бұзылуымен жұмыс істеудің халықаралық әдістері (АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)» («Международные методики работы при РАС (АВА, PECS, TEACCH, сенсорная интеграция)»), «Мектепке дейінгі ұйымдардың аутизм спектрінің бұзылуына ерте араласуы» («Раннее вмешательство при РАС в дошкольных организациях») атты қолданбалы оқытуларды педагогикалық компоненттер құрамына кіретін пәндердің мазмұнына қосымша модульдер ретінде білім беру бағдарламаларына, силлабустарына және пән кешендеріне қажетті өзгерістерді енгізіп бекіту

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық компонент пәндерінің мақсаттарына, оқыту нәтижелеріне, мазмұндық модульдеріне, практикалық сабақтары мен тапсырмаларына және бағалау критерийлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп бекіту

Тыңдалды:

АҚ мүшесі, п.ғ.к., аға оқытушы А. Арыстанбаева: Құрметті әріптестер, күн тәртібінің бірінші тармағына сәйкес, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің 14.10.2025 жылғы №14-0/4036 хаты негізінде педагогикалық компоненттер аясында оқытылатын пәндердің мазмұнына жаңа модульдерді енгізу мәселесін қарастырамыз. Атап айтсақ: «Аутизм спектрі бар балаларды қолдау негіздері», «Аутизм спектрімен жұмыс істеудің халықаралық тәжірибелері», «Мектепке дейінгі ұйымдарда аутизм белгілеріне ерте араласу» бағыттарындағы толықтырулар жөнінде атқарылатын жұмыстарды және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық компонент пәндерінің мақсаттарына, оқыту нәтижелеріне, мазмұндық модульдеріне, практикалық сабақтары мен тапсырмаларына және бағалау критерийлеріне өзгерістер мен толықтырулар туралы талқылау қажет. Осыған байланысты ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңізді ортаға салуға шақырамын.

Кафедра меңгерушісі, АҚ мүшесі А.Тасова: АСБ бар балаларды қолдау – олардың жеке ерекшеліктеріне сай оқуына, қоғамға бейімделуіне, қарым-қатынас орнатуына және күнделікті өмірде дербестік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған көпқырлы жұмыс жүйесі екенін айтып өтті.

Осы орайда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің 14.10.2025 жылғы №14-0/4036 хатының

негізінде, Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша Білім беру бағдарламасына енгізілетін өзгерістерді қарастыруды ұсынамын.

Атап айтқанда, педагогикалық компоненттер құрамына кіретін «Инклюзивті білім беру ортасы» пәннің мазмұнына қосымша силлабусына және пән кешендеріне қажетті толықтырулар жасау және оларды бекітуді, кафедрасы оқытушыларының «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау және ерте араласудың қолданбалы әдістері» бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту қажеттілігі бар екендігін айтып өтті.

АК мүшесі П. Искакова : Осы пәндер бойынша ұсынылған өзгерістерді талқылай келе, әр пәннің мазмұнын толықтыру мақсатында қосымша модульдерге енгізілетін тақырыптарды жаңарту және ауыстыру қажеттілігі жөнінде ортақ пікірге келді. Талқылау барысында қатысушылар пәндердің мазмұнын заманауи талаптарға сай бейімдеу үшін бірнеше жаңа тақырыптарды ұсынды.

Сонымен қатар, педагогикалық практикалар бөлігі бойынша да нақты толықтырулар енгізу қажеттігі атап өтілді. Практика бағдарламасына инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізуге, оқу процесін жоспарлауға және ерекше білім қажет ететін балалармен жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған қосымша тақырыптар енгізу туралы ұсыныстар жасалды.

АК мүшесі Г.Ашықбаева: Сонымен қатар мәжілісте педагогикалық компоненттерге кіретін пәндер бойынша «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен толық сәйкестік орнату қажеттілігі де жеке қарастырылды. Осыған байланысты пәндердің практикалық сабақтары мен тапсырмаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін атап өтті.

Талқылау барысында аталған пәндердің мазмұнын тәрбие бағдарламасының қағидаттарымен үйлестіру мақсатында нақты ұсыныстар жасалды. Пәндердің әр модуліне кіріктірілетін жаңартылған тақырыптар, сонымен бірге студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған қосымша практикалық тапсырмалар ұсынылды.

АК мүшесі, п.ғ.к., аға оқытушы А. Арыстанбаева: Талқылау барысында ұсынылған пікірлер мен толықтыруларды ескере отырып, педагогикалық компоненттерге кіретін пәндердің мазмұнын жаңарту бойынша қорытынды жасады.

Атап айтқанда, пәндердің оқу бағдарламаларын «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестендіру үшін төмендегі пәндердің мазмұнына қосымша силлабустарына және пән кешендеріне қажетті толықтырулармен өзгерістерді енгізіп бекітуге ұсынылды.

1. Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары;
2. Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары;
3. Бағалау және дамыту;
4. Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, ІР 1-курс);
5. Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, ІР 2-курс);
6. Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс);
7. Өндірістік-педагогикалық практика, (4-курс);
8. Білім берудегі зерттеулер және инновациялар (педагогикалық практика, 4 курс).

Шешім:

1.1 «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау негіздері», «Аутизм спектрінің бұзылуымен жұмыс істеудің халықаралық әдістері (АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)», «Мектепке дейінгі ұйымдардың аутизм спектрінің бұзылуына ерте араласуы» атты қолданбалы оқытуларды «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің

силлабусына, пән кешендеріне, кәсіптік практика бағдарламаларына қажетті өзгерістерді енгізіп, бекітуге ұсынылсын.

1.2 Педагогика және психология кафедрасының оқытушылары «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау және ерте араласудың қолданбалы әдістері» бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту үшін ұсыныс берілсін.

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен толық сәйкестік орнату мақсатында төмендегі пәндердің практикалық сабақтарының тақырыптары мен тапсырмаларына және кәсіптік практикаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1. Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары;

2. Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары;

3. Бағалау және дамыту;

4. Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, ІР 1-курс);


5. Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, ІР 2-курс);

6. Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс);

7. Өндірістік-педагогикалық практика, (4-курс).

8. Білім берудегі зерттеулер және инновациялар (педагогикалық практика, 4 курс).

Академиялық комитет төрағасы:



А.Арыстанбаева

Хатшысы:



С.Паштанов